



РЕСМИ

D санатының талабы өзгерді

Елімізде енді автобус жүргізушілерінің ең төменгі жасы (D санаты) 23 жас болмақ. Бұл туралы Заңға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. Заң қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.



Сурет ашық деректен

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Естеріңізде болса, бұрын D санатындағы жүргізуші куәлігін алу үшін үміткер 25 жасқа толып, сыйымдылығы төмен автобустарда үш жылдық жұмыс өтілі (D1 кіші санаты), сондай-ақ, жүк көлігінде бір жыл (C1 кіші санаты) болуы керек еді. 2003 жылғы 4 шілдеде қабылданған «Автомобиль көлігі

туралы» Заңның мәтіні келесідей өзгерді. Онда «Жүргізуші орнынан басқа 16-дан астам орны бар автобустар және троллейбустармен жолаушыларды тасымалдауға 23 жасқа толған, жүргізуші ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар, оның ішінде D1 кіші санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі кемінде бір жыл жүргізушілер жіберіледі», – делінген.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жас маманға жұмыс бар

Қарағанды облысында жастарға арналған жобалар бойынша 4 мыңнан астам бос жұмыс орны бар. Бұл туралы Қарағанды облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз қызметі хабарлады. Яғни, жұмыс іздеген талантты жас мемлекеттік қолдау бағдарламалары негізінде жұмысқа орналаса алады.

Бүгінде елдегі «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісімшарты» аталған бағдарламалар жастарға кез келген ұйымға жұмысқа тұруына мүмкіндік береді. Бұл – Қарағанды облысының колледждері мен жоғары оқу орындарының түлектері үшін бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтауға көмек.

«Жастар практикасы» 5 жыл бұрын оқуын аяқтаған 35 жастан аспаған қазақстандықтарға арналған. Жұмыс уақытша, қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Жалақысы 30 АЕК-тен кем емес. Кәсіби білімі жоқ жастар үшін «Бірінші жұмыс орны» қолайлы. Мұнда жұмыс ұзақтығы 18 айдан аспайды. Жалақыны мемлекет

төлейді. Жобаға қатысу аяқталғаннан кейін жұмыссызға тұрақты жұмыс орны беріледі.

Тағы бір жоба – «Ұрпақтар келісімшарты». Жұмыс орны зейнеткерлік жасқа жақындап қалған жұмыскерлердің жинақтаған тәжірибесін жастарға беруі үшін құрылады. Жұмыс ұзақтығы 6 айдан аспайды. Жалақыны мемлекет төлейді. Бұл мерзім аяқтағаннан кейін жобаға қатысушы зейнеткерлікке шыққан қызметкерді ауыстырады, – деп атап өтті басқарманың баспасөз қызметі.

Бүгінде Қарағанды аймағында Еңбек ұтқырлығы орталығы аталған жобалар арқылы 4919 жұмыс орнына 1778 шарт жасасқанын атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

ЖОБА

Киіз үй кейпіндегі генератор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен әзірленген «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасының мақсаты – адамдарға қолайлы орта қалыптастыра отырып, экологияны жақсарту. Осы орайда «Жасыл» экономиканы дамытудағы басымдықтардың бірі – жаңартылмағы энергия көздері екені белгілі. Электр энергиясын алудың шығыны аз болғандықтан да экологиялық таза көздерін табу өзекті мәселеге айналды. «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушылары желді жан-жақтан ұстайтын генератор жобасын ойлап шығарды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

АҚШ-та өткен робототехника чемпионатында «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушылары ел тарихында алғаш Champions Award басты жүлдесінің 3-орнына қол жеткізіп, қола медаль жеңіп алды. Талантты оқушылардың желді жан-жақтан ұстайтын генератор жобасы энергия тақырыбындағы өзекті мәселелердің инженерлік шешімін әрі үйлесімін тапты. Оқушылардың айтуынша, жел электр станциясы қолданысқа енсе, өндіріске, әрі ауылдағы шаурашылыққа тиімді болмақ.

– Инновациялық генераторымыз қазақтың киіз үйі іспетті. Конус пішінінің арқасында желді жан-жақтан ұстайды. Ауылдық жерде, әсіресе, елдің солтүстігінде қатты жел тұрса, ескі магистральдық желілер істен шығып қалады. Біздің жоба жеке сектор мен ауылдық аудандарда электр энергиясының үзілу мәселесін шешуге бағытталған. Сол табиғи құбылысты пайдалы механизмге пайдалануды көздедік.

Жобаны бұрыннан бар көп жүзді ротордың негізінде жасалды. Бізде «жел диірменінің» бірнеше нұсқасы болды. Төртбұрыш, дөңгелек тәрізлес түрлерінің барлығын тәжірибеден өткіздік. Тиімділігін желдің жылдамдығына байланысты қозғалысына қарай есептедік, – дейді команда ин-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Статистикалық мәліметтер еліміздің кейбір аудандарында желдің орташа жылдамдығы қалыпты жағдайда секундына 6 метрге дейін жететіндігін растайды. Демек, Қазақстанның жел-энергетикалық әлеуеті жылына 929 млрд. кВт-ты құрайды. Сол себептен, жердің бетінен үлкен биіктікте соғатын жел энергиясын пайдаланған тиімді.

жері Санжар Сәрсембаев.

Санжардың айтуынша, статистикалық мәліметтер еліміздің кейбір аудандарында желдің орташа жылдамдығы қалыпты жағдайда секундына 6 метрге дейін жететіндігін растайды. Демек, Қазақстанның жел-энергетикалық әлеуеті жылына 929 млрд. кВт-ты құрайды. Сол себептен, жердің бетінен үлкен биіктікте соғатын жел энергиясын пайдаланған тиімді.

Қондырғылар станция, жел

қуатын пайдалану нәтижесінде электр энергиясын өндіріп, оған қажеттілікті толық өтейді. Ауыл маңындағы өндіріс ошақтары мен жылыжайлардағы электр қуаты тапшылығын жоюды.

Оқушылар жобаларын қарағандылық металлургия кәсіпорнының инженерлеріне таныстырған. Жобаға мемлекеттік университеттердегі ғалымдар оң баға беріпті.

– Чемпионатқа әлемнің 20 елінен 700-ден астам оқушы қатыс-

ты. Жарты жылдан астам уақыт дайындалсақ та, үш күндік жарыс біз үшін өте қызықты болды. Алғашында қобалжығанмен, ішкі қорқынышты жеңіп, қабілетімізді көрсете алдық. Роботтар ойынында көшбасшылар қатарынан көріндік, – дейді қатысушылардың бірі Ақбар Еркемов.

Жарыста қазақстандық оқушылар MIT, Boston University және Harvard секілді беделді оқу орындарының инженерлік факультеттеріне барып, профессорлармен жеке танысқан.

Жоба жетекшілерінің айтуынша, жел мен күн, су энергиясы секілді сарқылмайтын энергия көздерін қолданысқа енгізу – маңызды. Оның ішінде, жел энергиясы табиғат балансын сақтауда аса тиімді. Оқушылар алдағы уақытта жаңа жобаны жеке кәсіпкерлер назарына ұсынбақ.

Мерейлі отбасы – мемлекет мақтанышы



Приозерск қаласында тағы бір тағылымды шара өтті. Отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Мерейлі отбасы» байқауы өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар марапатталды.

Нұрдіос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараның мақсаты – отбасында өзара келісім мен рухани сыйластықты нығайту. Бір шаңырақ астындағы берекелі өмір сүрудің маңыздылығын арттыру. Еліміз үшін мұндай шараның мәні зор. Биылғы қалалық байқауға қатысқандар іріктеліп, барлығы 5 отбасы бағын сынады. Жеңімпаз атанған отбасыларды шаһар басшысы Мансұр Ахметов қабылдап, сыйлықтарын табыс етті.

– Елімізде отбасы ұғымын дәріптейтін, кейінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында түрлі игі шаралар ұйымдастырылып жатыр. Солардың бірі – дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Мерейлі отбасы». Аталмыш байқау арқылы халқымыздың талай өнегелі де мерейлі отбасылары марапатталып, мәртебе биігінен көрініп келеді. Өне-



гелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған бұл игі кадам. Шаңырақ шаттығы мен ұлттық тәрбиені ұлықтайтын бұл байқаудың маңызы ерекше. Отбасы – береке-бірліктің қайнар көзі. Ендеше, әрбір отбасының мерейлі, мәртебесі биік болса, қазақ елінің де абыройы асқақ болары анық, – деді Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметов.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінде I орын алған Абсаматовтар отбасы мен II орынды еншілеген Уразметовтар

отбасы облысқа жолдама алды. III орынға Галымжановтар отбасы ие болды. Сонымен қатар, белсене қатысқаны үшін Абдирамановтар және Умбетқұловтар отбасылары марапатталды.

Марапаттау соңында байқауға қатысқан отбасылар атынан Приозерск гарнизонының әскери қызметшісі аға сержант Ертай Махматұлы сөз сөйлеп, шараны ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

ПРИОЗЕРСК
Сурет ұйымдастырушылардан

IT-ді тегін игереді

Алдағы уақытта 18 жастан 45 жасқа дейінгі қазақстандықтар IT мамандықтарды тегін игере алады. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің хабарлауынша, Tech Orda бағдарламасының жаңа ағымын өтінімдерді қабылдау astanahub.com платформасында 31 шілдеге дейін жалғасады.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобада веб-сайттар әзірлеу, 3D дизайны және 3D AR/VR қосымшалары және операциялық жүйелерді дамытуды игеруге кең мүмкіндік бар. Сондай-ақ, киберқауіпсіздік пен IoT, жасанды интеллект пен алгоритмдер, мобильді қосымшаларды құруды үйрену де назардан тыс қалмайды. Big Data және GameDev сияқты салаларды қамтитын басым секторлардың барлық спектрі бағдарлама үйренушілердің назарына ұсынылады.

– 2024 жылы бағдарламаға қатысуға өтініш берген 131 жеке IT мектептің 79-ы аккредиттеуден өтіп, 178 түрлі курстар ұсынды. Оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Ұзақтығы таңдалған курсқа байланысты 6 айдан бастап өзгереді. Оқыту форматы онлайн, офлайн және гибриді форматта жүреді. Бұл жоба студенттерге жаңа мүм-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

кіндіктер ашып, кәсіпті игерудің неғұрлым ыңғайлы тәсілін таңдауға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Astana Hub басқарушы директоры Әзиз Тілеумұратов.

Astanahub.com порталында

мектептер мен курстардың толық тізімі және IT мектептердің витринасы бар. Қосымша ақпаратты таңдалған IT мектебінен немесе 1818 телефоны арқылы білуге болады.



• САЛТАНАТ

Құрыш күйғандарға құрмет

Металлургия мерекесі кешегі Кеңес Одағы тұсында 1957 жылдан, ал, елімізде 2004 жылдан бері шілде айының үшінші жексенбісінде аталып өтуде. Биыл ол қазақстандық алғашқы болат өндірілуінің 80 жылдығы мерейтойымен тұспа-тұс келді. Ал, оны теміртаулық құрышшылар 1944 жылы тұңғыш рет балқытып, шығарған еді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Міне, қос қуаныштың салтанаты осы жексенбіде Теміртау қаласының «Бірлік» алаңында тойланып, оған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «Qatmet» басшылары Андрей Лаврентьев пен Вадим Басин қатысты.

Бұл жолғы думанның бір ерекшелігі осының алдында ғана кәсіби мерекелеріне байланысты ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен республикамыздағы отты мамандық иелерінің үлкен бір шоғырының марапатталғаны болатын. Бұлардың қатарында теміртаулық металлургия жетіуі «Құрмет», он бірі 3-дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендеріне, он үшін «Ерен еңбегі үшін» медаліне, жетіуі Президенттің Құрмет грамотасына лайық деп танылған.

Мемлекет басшысының атынан оларға осынау марапатты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өз қолымен табыс етіп: – Біздің аймақ Қазақстанның тау-кен өндірісінің ошағы, астанасы болып саналады. Бұл сала қызметкерлері мен ардагерлерінің еңбегі зор. Солардың арқасында бүгінде қазақстандық металлургияның алпауыты ретінде біздің комбинат елімізде болатын басым бөлігін, өнеркәсіп өнімдерінің 25 пайызын өндіріп, шығарады. Мұнда әрбір отбасы, қаланың әр тұрғынының Қазақстан Магнитқасының дамуына қосқан үлесі бар, – деді.

Металлургияның кәсіби мерекесімен



«Qatmet» директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев те құттықтап: – Металлургия күні – бұл комбинаттың ұлы тарихының отына қаныққан нағыз ерлік пен қажымас күш-жігердің мерекесі. Мемлекет басшысының бұл марапаты біз үшін өте маңызды. Бүгін «Qatmet»-тің жаңа дәуірі, қайта жандану дәуірі басталды, – деді.

Марапатталғандардың арасында тәжірибелі қызметкерлер де, жас мамандар да бар. Солардың бірі «Құрмет» орденін алған Владимир Филиппов комбинатта жарты ғасырдай еңбек етіп, жай жұмысыдан жоспарлау және басқару жөніндегі директор қызметіне дейін көтерілген. Оны бұл өндіріс орнына мектеп бітірісімен әкесі жетелеп әкеліп, одан кейін әскер қатарына барып, қайта оралған ол Зауыт-жоғары оқу орнының кешкі бөлімін оқып бітіріп, қажырлы еңбегінің нәтижесінде осы дәрежеге жеткен.

Келесі бір «Құрмет» орденінің иегері Дастан Ахметовтің комбинатта жұмыс істей бастағанына небәрі үш жыл ғана болыпты. Сонда да осы аз уақыт ішінде еселі еңбегімен және біліктілігімен көзге түскен жас маман қазір конвертор цехын басқарады.

– Мен алған марапат – бүкіл командамыздың еңбегі. Металлургия – бұл үлкен жауапкершілікті талап ететін күрделі мамандық. Әманда соған адал болуға тырысамыз, – дейді ол.

Металлургияның кәсіби мерекесі күні арнайы шақырылған эстрада жұлдыздары Қайрат Нұртас, Аяу, Аха, Досекеш үлкен концерт беріп, комбинат қызметкерлері арасында 7 автомобильдің ұтысы ойнатылып, соңынан мерекелік отпашу болды.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨЗЕКТІ

Кінәлілер жазасыз қалмайды

20 шілдеде сағат түнгі төрттен он минут кезінде YDD Corporation жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің феррокорытпа зауытында №1 пештен кенеттен жалын шығып, нәтижесінде сегіз адам зардап шеккен болатын. Қазір оларға Х.Мақажанов атындағы көмбейінді аурухананда медициналық көмек көрсету жалғасуда. Компания да зардап шеккендерге көмек көрсетуде және аурухананың медициналық қызметкерлерімен үнемі байланыста.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы феррокорытпа зауытында болған жазатайым оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтау үшін еңбек заңнамасы шеңберінде арнайы комиссия құрылды. Оны еңбек инспекциясы басқармасының басшысы Мұрат Қаракекілов басқарады. Комиссия құрамында барлық уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері бар.

Одан бөлек, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы бойынша қосымша медициналық көмекті көрсету үшін Қарағандыдағы Академик Н.Бәтпенев атындағы Ұлттық травматология және ортопедия ғылыми орталығының директоры Олжас Бекарысов бастаған қызметкерлер арнайы келді.

Медициналық топтың құрамында тәжірибелі комбустинолог-реаниматологтар бар. Елордалық мамандар жергілікті дәрігерлер бастапқыда қажетті медициналық көмектің көрсетілуін атап өткенін айту керек.

Зардап шеккен бес адамның жағдайы өте ауыр. Үш науқас қарқынды терапия бөлімінде.

Қазір оқиға орны тексеріліп, жазатайым оқиғаның куәгерлеріне сауалнама жүргізіліп, техникалық құжаттамамен танысу жұмыстары жүріп жатыр.

Осы оқиғаға байланысты феррокорытпа зауытында Қылмыстық кодекстің ҚК 156-бабының 2-бөлігі бойынша, яғни, «Абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соққан еңбекті қорғау ережелерін бұзу» бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Феррокорытпа зауытындағы оқиғаны тергеп-тексеру облыс басшылығының тұрақты бақылауында. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев зардап шеккен қызметкерлердің туыстарымен кездесіп, дәрігерлермен де сөйлесіп отыр.

– Өздеріңіз білетіндей, феррокорытпа зауытында штаттан тыс жағдай болды. Өкінішке қарай, 8 қызметкер зардап шекті. Қазір барлығына толық көлемде қажетті медициналық көмек көрсетілуде. Медицина қызметкерлері қолдан келгенін бәрін жасап жатыр, – деді облыс әкімі Ермағанбет Қабулаұлы.

Ал, облыстың денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова зардап шеккен бес адамның жағдайы өте ауыр екенін айтты. Ал, үшеуінің жағдайы ауыр. Қазір шокқа қарсы барлық кешенді терапия жүргізілуде.

– Комиссия құрамына барлық уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері кірді. Жұмыстар бірінші күннен басталып кетті. Әр өкіл өз бағытын пысықтап жатыр. Бастапқыда оқиға болған жер тексерілді, жазатайым оқиғаның куәгерлеріне сауалнама жүргізіліп, Енді техникалық құжаттамамен танысып жатырмыз, – деді Мұрат Қаракекілов.

Тергеу бойынша қорытынды жасалады.

– Бұл жұмысты сіздер барлық жауапты мемлекеттік органдармен, соның ішінде, құқық қорғау органдарымен тығыз ынтымақтастықта жүргізулеріңіз керек. Түбегейлі және объективті түрде! – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.



Денсаулық паспорты электронды форматта

Денсаулық сақтау министрлігі баланың денсаулық паспортын электронды форматқа көшіру жобасын әзірледі. Ата-аналар үшін электронды паспортты енгізу қағазбастылықты азайтуды және электрондық қызметтер арқылы бала денсаулығы туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Білім беру мекемелері оқушылардың денсаулық жағдайы туралы өзекті деректерді жедел алады. Олар емханаларда медициналық тексеруден кейін автоматты түрде берілетін болады. Бұл құжатты ата-аналар бірінші сыныпқа барған кезде мектепке ұсынады.

Қағаз форматындағы құжаттарда жиі жоғалып кетті немесе кейбір маңызды деректер сақталмай қалды деп жатады. Осы проблемаларды шешу және емханалардағы ұзынсонар кезектерді қысқарту үшін баланың денсаулығының электрондық паспорты әзірленді. Электрондық паспортты eGov Mobile-мен біріктіру процесін осы жылдың тамызы айында аяқтау жоспарлануда.

Баланың денсаулық паспорты – денсаулықты нығайтуға, аурулардың алдын алуға және емдеуге бағытталған шаралар туралы негізгі құжат. Енді бұл құжатты өзіңізбен бірге алып жүріп немесе емханаларда сағаттан кезек күтпейсіз. Барлығы бір ғана қосымшада eGov Mobile-де көрсетіліп тұрады. Ата-ана үшін де, білім беру мекемелері үшін де баланың денсаулық паспортының электронды форматы тиімді болмақ.

Аружан СЕРІКБАЙ,
Қарағанды зерттеу университетінің журналистика бөлімінің III курс студенті

Жоспар жосықты, көрсеткіш көңілдегідей

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жетекшілігімен өткен кезекті аппарат жиынында ауыл шаруашылығы өнімін ұлғайту шаралары, өрт қауіпті кезеңін өткеру барысы, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру сынды өзекті мәселелер қарастырылды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Агроқоғам ахуалы

Сонымен, кейінгі 5 айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы нақты көлем индексі 107%-ды құраған. Нәтиже әзір көңіл көншітерлік. Өрі қарайғы тыныс-тіршілігі нақанда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин кенірек тоқталды. Мәселен, биыл егіс алқабы 1 млн. 91 мың гектар, жемшөп дақылдарының да егісі ұлғайтылып, 261700 гектарды құрады. Картоп 12 мың гектарға, көкөніс 994 гектарға егілді. Сұрыпты барынша жаңарту мақсатында 102 шаруашылық өкілдерінен 8 мыңнан астам жоғарғы өнімді дөңді тұқым сатып алынған. Барлығы 104 мың 300 тонна астық тұқымы егілді. Минералды тынайқыштарды қолдану алаңы 581 мың гектарға дейін кеңейген. Өсімдік шаруашылығында да өткен жыл деңгейімен салыстырғанда өсім жоғары болды деп күтілуде. Көңіл түпкіріндегі көрсеткішке қол жеткізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне машина-трактор паркін жаңарту мақсатындағы субсидия және жеңілдетілген несиелер түрінде көрсетілген мемлекеттік қолдау шаралары оңықпал етіп келеді. Мәселен, көктемгі егіс жұмыстарын оңтайлы жүргізу үшін «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамы арқылы 9 млрд. теңге сомасына 206 ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі қаржыландырылды. «Қаз-АгроҚаржы» арқылы 3 млрд. 400 млн. теңгеге 287 қарыз алушы қажетін өтеген.

– Ішкі нарықты ауыл шаруашылығы өнімдерімен қанағаттандыру, қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын арттыру да инвестициялық жобалар есебінен де



Коллаж жасаған Мәриям Әбішев

қамтамасыз етілмек. Агроөнеркәсіп кешені саласындағы инвест бастамаларды іске асыру жөніндегі бекітілген Жол картасы шеңберінде осы жылы 185 жұмыс орнын құра отырып, 24 млрд.теңге сомасына 30 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бүгінгі таңда 6,2 млрд. теңгеге 10 жоба басталып, 57 жұмыс орны ашылды, – деп атап өтті спикер.

Өрт ошағы тіркелмеді

Қауіпті кезең басталғалы бері облыс аумағында дала өрті де назарға ілікпеген. Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпанов аталған аралықта мобилді топтар 410 рейд, 1200-ден астам профилактикалық шара өткізіп, нәтижесінде шамамен 23 000 адам құлағдар болғандығын мәлім етті. Ақпарат айдында 600-дей түсіндірме жарияланым жайғасқан.

– Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін 14 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Орман-дала қауіпсіздігіне ден қоюмен қатар, тұрғын үй секторында өрт сөндіру бекеттерінің жұмысын оң деп бағамдарлық. Мысалы, Ақтоғай ауданы

Ақши ауылының салалық бекеті мен еріктілерден жасакталған өртке қарсы құрылымы 10 шаршы метр аумақта шаруашылық құрылысының өртін сәтті ауыздықтаған, – деді салалық департамент бастығы.

Барлық сарбаздар толық жауынгерлік дайындық үстінде. Табиғи өрт, алаудың кездейсоқ тұтануын болдырмау жөніндегі жүйелі жұмыс, сондай-ақ, өрт сөндіру бекеттерін құру әрі материалдық-техникалық жарактандыру жоспарының орындалуы ойдағыдай жалғасып, тұрақты бақылауда. Оның үстіне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің нұсқауына сәйкес департамент штабы бүгінде тәулік бойғы жұмыс режиміне ауыстырылды. Осыған байланысты облыстық басқармалардың жауапты тұлғаларынан күн сайын осы штабтың жұмысына қатысуларын сұраймын, – деп түйіндеді сөзін Мұрат Қасенұлы.

Ұлт жобасы

Өндірісті өңірдегі 27 ауылда жана медициналық нысан құрылысы қарқынды жүріп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы негізінде 92 нысан салу жоспарланған. Оның 14-і өткен жылы қолданысқа берілді. Биыл тағы үш ауданда – Қарқаралы, Шет және Бұқар жырауда маңызды нысандар құрылысы басталды. Ұлттық жобаны іске асыру туралы аппараттық кеңесте денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова баяндады.

– «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы бірнеше келелі міндет қояды алдымызға. Біріншісі – ауылдық елдімекендерді нормативтерге сәйкес алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдастыра отырып, қамтамасыз ету. Қарағанды облысында 92 нысан салынады. Анығында 47 медициналық пункт, 34 ФАП және 11 дәрігерлік амбулатория. Өткен жылы 14 ғимарат қолданысқа енгізілген-тін. Биыл жоба ойдағыдай жалғасуда. Қазірде 27 ауылда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. 51 нысан бойынша конкурстық рәсімдер жарияланды, – деп хабарлады Бибігүл Райханқызы.

Ендігі міндет – ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру. Ол үшін Теміртау мен Балқашта мамандандырылған орталықтары бар ауданаралық ауруханалар бой көтермек. Теміртауда аса тапшы мамандықтар бойынша дәрігерлер үшін 35 пәтер берілмек. Балқашта дәрігерлер үйі ретінде бір ғимаратты қайта құру жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ұлттық жобаны уақытылы іске асыру жөнінде бірқатар тапсырмалар берді. «Ауыл өкімдері өз аумағында салынып жатқан нысандардың сапасын бақылауға тиіс», – деп атап өтті өңір басшысы.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Металлург – мәртебелі мамандық

Отандық өнеркәсіптің ірі және жетекші салаларының бірі – металлургия өнеркәсібі Қарағанды облысындағы басым бағыттардың бірі әрі жыл сайын даму үстінде. Мәселен, биыл ел бойынша 169 млрд. теңге болатын сегіз жобаны іске қосу жоспарланған десек, сала бойынша жүзеге асырылатын жобалардың дені Қарағанды облысына тиесілі. Әлбетте, металлург мамандығы да құрметті мамандық қатарында. Облыста металлургтер күнінде ерік пен жігер, күш пен қуатты жалау етіп, қорқыныш атаулыдан ала дәл осы мамандық иелері түрлі мемлекеттік марапаттар алды. Ұғыммыздағы ең төзімді, ең берік металл – құрыштың өзін қамырша илеген облыстың 49 металлургі түрлі деңгейдегі наградаларға ие болып, қиын әрі абыройлы мамандықтың абыройын одан әрі асқақтатты.

Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, Балқаш қаласындағы Kazakhmys Smelting, «Сары Қазына», жауапкершілігі шектеулі серіктестері «Қоурал» мыс компаниясынан бір металлург «Құрмет» орденімен, үш адам ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, алтауы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ал, Теміртаудағы Qarmet металлургиялық зауытынан жеті адам «Құрмет» орденімен, ІІ адам ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, 14 металлург «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Металлургия саласында талай жыл еңбек етіп, күш-жігерін, қажыр-қайратын арнап, тынымсыз еңбек еткен қызметкерлер Президенттің Құрмет грамотасын алғанын айту керек. Осы салада жүрген жеті адам дәл осы құрметке ие.

«Құрмет» орденін алған «Сары Қазына» жауапкершілігі шектеулі серіктесінің шаймалуа учаскесінің бастығы Асхат Сапеннов металлург болу үшін әуелі

мінез, содан кейін мамандыққа деген адалдық керек екенін айтады. Балалық шағы Балқаш көлінің жағасындағы Гүлшат ауылында өткен ол жастайынан металлург болуды мақсат еткен. Бұл таңдауына есте өкінген емес. Бүгінде қырық жастың кемеліне келген Асхат Сапеннов өмірін қайта айналдырса да дәл осы металлург мамандығын таңдайтынына кәміл сенімді.

– Мектепте оқып жүргеннен зауытта жұмыс істеймін деп шештім. Металлург мамандығына әуелде колледж, кейіннен жоғары оқу орнын бітірдім. Мамандықтың қиындығы мені мойытқан жоқ. Небары жиырмадан енді асқан шағымда жұмысқа кірісіп, бүгінде біраз жетістіктерге жеттім. Өмір бір орында тұрмайды. Қазір металл қорытудың да түрлі заманауи әдістері енгізілуде. Бастысы – үйренулен жалықпау, – дейді Асхат Сапеннов.

Металлург мамандығын көзінде оты, жүрегінде түгі барлар таңдайтыны рас болар. Оған сабырлықты қосыңыз. Әр сөзінің өзін байыппен айтып, минералды

шикізатты металға айналдырғандай асықпай жауап беретін металлург мамандығын мақтаншы ететінін жеткізді.

Қарағанды – кенді өлке. Әлбетте, қойнауы толы жерімізден бөлек, оны игеруде талай жыл қатарынан еңбек етіп, кәсіби шеберлікті ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен талай отбасы бар екенін айту керек. Мәселен, Есембековтер әулетінің тамыры Балқаш мыс зауытының арғы тарихымен біте қайнасқан. Олардың жалпы еңбек өтілі 250 жылдан асатынын ерекше атау қажет.

«Өндіріс сарбаздары» атанған бұл әулеттің ұрпақтары еңбекпен тапқан нанның тәтті екенін ұғынған. Себебі, металлург сияқты күш-жігерді ғана емес, мінездің қайраттылығын да қажет ететін мамандықты, яғни, болат балқытуды әуелде Мұқажан қажы бастаған. Содан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрді бүгінде ұрпақтары абыроймен атқарып келеді. Несібесін металлургиядан тапқан Мұқажан қажының ұлы – Қабдырахман да оскерден оралған соң осы істі жалғады.



Осыдан тура елу жыл бұрын мыс балқыту цехында еңбек жолын бастады. Қиындығы мол саланың ыстығына төзіп, тайсалмай төтеп берген білікті маман Тәуелсіздік жылдары Балқаш кен металлургия комбинатының өндіріс қуаттылығын арттыруға қатысты. Комбинаттан шет елге шыққан алғашқы жұмыскер де өзі. Одан бөлек, 1997 жылы Аффинаж цехының құрылысын бастау керек болғанда, Польшаға барып, біліктілігін арттырды, тәжірибесін

толықтырды. Зауыт ашылғанда Балқаштың алғашқы күмісін, «Металл Доре» құймасын қолына алған да осы Қабдырахман.

Жалпы, металлургтің еңбек жолына зер салсақ, алғашқылардың қатарында болғанын көруге болады. Бұл еңбек адамның мамандығына деген адалдығымен қатар, өке ісін табысты жалғауының кепілі. Мәселен, Мырыш зауыты ашылғанда осы жерге балқытушы болып ауысып, алғашқы қорғасын анодын күй-

ды. Бірақ, оны жыл артқа салып, өзінің жанына жақын металлургия цехына қайта оралды. Осы жерден құрметті зейнет демалысына шықты.

– Еңбектегі ұстазым Жолдасбай Оспанов кезінде КСРО Жоғары кеңесінің депутаты болды. Алғашқы еңбек жолымды сол кісінің ауысымында бастадым. Ол кісі бізге металлург болуды жүрепкен ұғыну керектігін түсіндірді, – дейді өзі.

Өке жолын Қабдырахман ғана емесі, інілері де жалғады. Ғабдулла Мұқажанұлы мыс зауытында балқытушы болса, Нұршайықстан автотасымалдау цехында механик.

Еңбек ардагері – Қабдырахманның өмірі металлургиямен тығыз байланысты. Себебі, металлург бола жүріп, отбасы болды, өсті, өркендеді. Абыройдың да, бақтың да еңбек еткенге келетіні бар емес пе?! Қиындықтан қашпайтын, болаттай шыдалған Қабдырахман ақсақалдың ұлдарынан бөлек, немерелері де ата жолын жалғап, осы салада еңбек етуде.

Ұлы Еркен – Балқаштың жанындағы мыс компаниясында аппаратшы. Металлург немересі Әліби комбинаттың теміржол цехында машинистің көмекшісі екенін мақтан тұрады.

Суретте:
«Құрмет» орденінің иегері
Асхат САПЕННОВ

• «ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...»

«Жас турист» лагерінде

1963 жылы кеңес одағы кезінде «Жас арай» лагері деген атпен ашылды. Кеңес Одағы құлдырағаннан кейін осы лагерьдің барлық құрылыс нысандары жойылып, өз жұмысын тоқтатты. Бұрынғы лагерьді жаңғырту мақсатында 2018 жылы «Шатырлы» туристік лагерь болып, қайтадан өз жұмысын бастады.



– Біздің жеріміздің табиғаты әсем, жер қойнауымыз алтынға бай мекен. Орталық Қазақстандағы ең биік тау – Қызылжар тауы, Ақсоран шыңы. Бұл жерде Ақтоғайдың үш арысы Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Әлімхан Бөкейханов дүниеге келген. Таудай тұлғалармен қасиетті орындарға бай тарихи өлке. Біздің басты мақсатымыз жастарды, оқушыларды, балаларды табиғатты аялауға, сүйеге, қорғауға және смартфонға байланған жас ұрпақтың туған жерге деген көзқара-

сын қалыптастыру, табиғат аясында бой сергітіп, ой өрісін дамыту, отансүйгіштікке баулу мақсатында «Шатырлы» лагері деп ашылды. Биыл шатыр орнына киіз үйлі лагерь қылып аштық. Оған «Жас турист» атауын бердік. Лагерьге келген оқушылар өңір тарихын біле бермейді. Жас туристерге киелі жерлердің табиғатын, тарихын түсіндіріп, осы жерде дүниеге келген тұлғалардың өмірбаянын, оған қатысты қызықты деректер, ел аузында қалған әңгімелерді, осы жерге байланысты аңыздарды

айтып жеткізу – біздің басты міндетіміз, – дейді экскурсовод-гид және туризм нұсқаушысы Нұрслан Сатыбалдыұлы.

«Жас турист» лагері 1 маусымда 30 бала қабылдап, жоспар бойынша 180 баланы қамтиды. Лагерьдің ең басты ерекшелігі – табиғат аясында киіз үйде орналасуы. Лагерьге келген күні, ең алдымен, нәліктен киіз үйде деген сұраққа жауап табылып, киіз үйдің әр бөлігіне анықтама беріп, оқушыларға таныстырылады. Ұлттық құндылықты дәріп-

теп, жастарға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін насихаттап, ұмытылып бара жатқан үрдісті қайтадан жаңғыртуды басты міндет санайды. Лагерьде күн тәртібі таңғы жаттығудан басталады. Таңғы астан кейін 5 күнге бөлінген туристік маршрут.

Бірінші күні – Әлімхан Бөкейхановтың туған жері, Талдыбейіт және Жекежал қыстағындағы петроглифтерге саяхат, екінші күні – қола дәуірінің мәдениеті Беғазы-Дәндібай мәдениетіне саяхат, үшінші күні – тұңғыш математик Әлімхан Ермековтің туған жеріне саяхат, төртінші күні – Әулиетау бауырындағы әулие үңгірге саяхат, бесінші күні – Қазаншұңқыр сарқырамасына саяхат жасайды. Түскі асқа ұлттық тағамдардан бір мезгіл бауырсақ пен қымыз беріледі. Түстен кейін түрлі қызықты ойындар ойналады. Мәселен, амалтастамақ, ақсүйек немесе кешкілік уақытта от айналасында ән айтып, алтыбақан тебеді.

Ұлттық ойындарды ойнап, ұлттық тағам мен сусындардан дәм татқан әрбір бала рухани азық, қазақи мәдениеттен қуат алып қайтады.

Аружан СЕРІКБАЙ,
Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің ІІ курс студенті

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2024 жылғы 1 жартыжылдық аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2024 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, 3 аудиторлық және 2 сараптамалық – талдау іс-шарасы өткізілді.

Мемлекеттік аудитпен 4 710 691,3 мың теңге қаражат көлемімен 15 объекті қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу 56 269 878,5 мың теңге мөлшерінде анықталды. 57 832 093,0 мың теңге қалпына келтіруге және өтеуге жатады, оның ішінде 1 жартыжылдықта 55 877 346,2 мың теңге немесе 96,6% қалпына келтірілді және өтелді.

Өткізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша: аудит объектілеріне – 3 аудиторлық қорығындысы және 7 нұсқамасы жолданды, 24 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды; мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауынан анықталған фактілері бойынша 3 ұсыныс жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға оңкәлетті органдарға – 171 аудит материалдары жолданды, жалпы 13 990,7 мың теңге айыппұл сомасына 63 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды; құқық қорғау органдарына (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қарағанды облысының прокуратурасы) – 8 аудит материалы, оның ішінде: 6-сы қарауда, 2-уі бойынша тәртіптік жазалар қолданылды.

Хабарландыру

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы 2024 жылғы 23 тамызда Қарағанды облысының 16-35 жас аралығындағы тұрғындары арасында Абай атындағы көркемөз оқу шеберлерінің облыстық байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты: Жастар арасында қазақ халқының әдеби мұрасын дәріптеу, Абай шығармаларын дәріптеу арқылы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және оның мәртебесін арттыру, ұлылар поэзиясына, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке арттыру. Байқауға қатысу туралы өтінім (жеке куәліктің көшірмесін және оқитын шығармалардың атауларын қоса ұсына отырып) 2024 жылғы 16 тамызға дейін qaz_lingva@mail.ru электрондық пошталарына жіберу қажет. Байқауды өткізу туралы Ереженің толық мәтінімен Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының сайтында танысуға болады. Байланыс телефондары: 8/7212/513800, 8-701-953-09-37 (WhatsApp). №170

• ТУРИЗМ

Қонаққа қолайлы жағдай

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында туризмнің әсіресе, экотуризм мен этнотуризмнің дамуына экономикалық маңызды саласы ретінде көңіл бөледі тапсырған болатын. Бүгінгі таңда Балқаш қаласында да осы мақсатта ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Биылғы жазда Балқаш көліндегі демалыс аймақтары мен қонақ үйлері туристерге 2 мыңға жуық бөлме ұсына алады. Жаздың үш айында курорттық аймақ 100 мыңға дейін туристерді қабылдайды. Бұл туралы Балқаш қаласы әкімдігі мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Курорттық аймаққа Балқаш қаласы, Тораңғалық және Шұбартүбек кенті кіреді, онда жыл бойы 20 қонақ үй және 54 демалыс аймағы жұмыс істейді. Қорда барлығы 1800-ге жуық нөмір бар. Балқаш қаласында жүзуге рұқсат етілген 24 жағажай бар. Демалушылардың қауіпсіздігін 9 сүңгуір мен 6 арнайы техника бақылайды.

Қазір қалада жағалау жөндеуде, қалалық жағажайды қайта құру жобасы 4 млрд. теңгеден асады.

Сондай-ақ, биыл демалушыларға арналған 7 демалыс аймағын тапсыру жоспарлануда. Құрылысқа 1,5 млрд. теңге салынды.

Көптеген демалыс аймақтарында туристер үшін әртүрлі іс-шаралар, соның ішінде, судағы шаралар да бар. Жағажайлар-



да су көліктері, қайықтар жалға беріледі, банандар мен әуе дивандарында серуендеуге болады. Балқашқа екі жолмен жету-

ге болады: автомобильмен немесе пойызбен. Арзан әуе және теміржол билеттерін Aviata.kz-тен іздеп таба аласыз.

Астанадан Балқашқа дейінгі жол – 543 шақырым, Қарағандыдан 358 шақырым, ал, Алматыдан – 644 шақырымды құрайды.

Теміржол арқылы астаналықтар қалаға «Астана – Семей», «Астана – Достық» пойыздарымен, қарағандылықтар сол пойыздармен және тағы да жеке «Қарағанды – Балқаш» пойыздарымен жетеді. Билеттердің құны – 3800-ден 8500 теңгеге дейін.

Жауапты мамандардың айтуынша, демалушылардың қауіпсіздігі қатаң қадағалауға алынған. Туристерге таратылатын қалтаға салып жүруге ыңғайлы етіп жасалған буклет-картада барлығы тайға таңба басқандай көрсетілген. Тіпті, шұғыл жағдайда хабарласуға болатын жедел жәрдем, полиция, өрт сөндіру қызметінің байланыс нөмірлеріне дейін жазылған.

БАЛҚАШ

Сурет автордан



• ЖЕКПЕ-ЖЕК

«Әлін білмеген әлек»

UFC жекпе-жегінің жеңілісі жоқ жауынгері, қарағандылық Шавкат Рахмонов әріптесі ирландық жауынгер Иэн Терридің шақыруына жауап берді.



Сурет: Шахмат, Астана

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Естеріңізде болса, бұған дейін Иэн Терри 18 жеңісі бар Шавкат Рахмоновқа «Екеуімде де жеңіліс жоқ. Сегіз бұрыш ортасында көрерменге таза шоу көрсетейік, ол жекпе-жек сөзсіз ел аузында боларына сенемін», – деп жекпе-жекке шақырған болатын. Алайда, бұл шақыртуға Шавкат салмақты жауап берді.

– Әрине, сенің қабілетіңді бағалаймын. Алайда, 100 пайыз бен 53 пайыздың арасы жер мен көктей ғой. Ол жекпе-жек өтпей-ақ, ел назары кімде екенін білесің. Өзіңе сай қарсылас таңдағаның жөн-ау! «Әлін білмеген әлек», – деді Шавкат Рахмонов.

Қазіргі таңда Шавкат Рахмонов – өз салмағында Халықаралық UFC спорттық ұйымының ең танымал әрі бетке ұстар спортшысы. Тіпті, әріптесі аргентиналық Сантьяго Понзиннибионың өзі Шавкат туралы былай деген еді.

– Ол – өте қауіпті жауынгер. Шавкаттың жекпе-жек барысындағы шабуылы мен қорғанысы жоғары деңгейде. Ол шабуылдарын жоспарламай, қарсыластың қапшысын тауып, соққы дарыта алады. Оның соққылары мен партердегі іс-әрекеті ақылға сыймайды, – деді Сантьяго Понзиннибио.

• КӨПСАЙЫС

Толағайлар топ жарды

Металлургтер күнінде Қарағанды орталық саябағында алып күш иелерінің бәсекесі өтті. Дені сау болуы үшін спортпен, жаттығумен айналысатын аймақтың белсенді жастары «Кім мықтыдан кім мықтыны» анықтады. Жастар кір тасын көтеру – ішкі қуатыңды сыртқа шығаруға сеп екенін айтты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алыптар сайысы саламатты өмір салтын насихаттайтын көпсайысты турнирге жалғасты. Шарада қала тұрғындарының денсаулығын нығайту, күш, ептілік және төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту көзделген. Сондай-ақ, дене шынықтыруды сымбат сұлулығы мен ақыл-ой үйлесімділігіне қол жеткізу құралы ретінде насихаттау да назардан тыс қалмады. Саламатты өмір салтын қалыптастыруда үнемі дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру да көзделген.

Жарыс бағдарламасында кардио-секіргіш, санды үдету, шағын штангамен серпілу және итеру бар.

– Алыптар бәсекесі – саналы өмірінде спортпен айналысатындарды таң қалдыратын қызықты ойын түрлері. Әйгілі Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Балұан Шолақ бабамыздың

ізінен жалған нар тұлғалы дарабоздарды танытатын жобаның жаңғыруы – жаңалық.

Жарыста спорт, толқу және достық атмосферасы орнады. Кәсіпқойлар ойынын көру – тамаша естелік, – деп атап өтті қалалық әкімдік өкілдері.

Сондай-ақ, аяқты көтере отырып, дискпен іш бұлшық етін қозғалту, құм дорбаларын көтеру, кеудені жерден көтеру, кір тасын әр қолмен кезекпен 50 рет итеру де сайысқа ерекшелік сыйлады.

– Балаларымыздың дені сау, көңілді, батыл, епті болып өскенін калаймыз. Ерте жастан бастап, олар спортқа деген сүйіспеншілікті оятып, өз бетінше дене шынықтыруға, денсаулықты нығайтуға тәрбиеленуі керек. Бұл шара дәл осыған бағытталған, – деп атап өтті қала тұрғыны Ернар Байқенов.

Сурет ұйымдастырушылардан



• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Жазғы демалыстағы жарқын бастама

Жақында Приозерск қаласында Қарағанды және Ұлытау облыстары кітапхана жүйелерінің басшылары мен қызметкерлерінің ба-сын қосқан «Балалар кітапханашыларының жазғы іс-тәжірибесі-2024» тақырыбында облыстық семинар өтті.

Нүрде КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Семинарға қатысушылар тәжірибе алмасып, идеялармен бөлісті. Балқаш қаласының А.Гайдар атындағы орталық балалар кітапханасының кітапханашысы



ұсынған «Wordwall» сервисін пайдалана отырып, интерактивті жаттығулар, сондай-ақ, Абай атындағы облыстық балалар кіта-

пханасының инфографикасын пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар ерекше назар аударды.

Бұл челленджде бірінші болып Балқаш қаласының А.Гайдар атындағы орталық қалалық кітапханасының кітапханашылары қатысып, өз белсенділіктерін көрсетіп, басқаларды шығармашылық бастамаларға шабыттандырды.

Бұл семинар аймақтың кітапханашылар қауымдастығының өміріндегі жарқын оқиға болды, оны жаңа идеялармен және практикалық біліммен байытты.

ПРИОЗЕРСК Сурет ұйымдастырушылардан

• ШАХМАТ

Шаршы тақтадағы тартыс

Қарағандыда Senat Open шахмат турнирінің жартылай финалы өтті. Ақтық сынға Астана мен Ұлытау облысындағы, сонымен қатар, кеншілер шаһарындағы іріктеу турынан сүрінбей өткен үздіктер қатысты.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

86 жастағы Әзірбек Молдағалиев Ұлытау облысынан келді. Ол – өңірлік және республикалық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы. Шахмат ойнап жүргеніне 66 жыл болыпты.

– Іріктеу ойындары кезінде мен барлық қарсыластарды жеңіп, керемет нәтиже көрсеттім. Бүгін де жеңіске жетемін деген үмітемін. Мен бұрын шахтада жұмыс істедім. Қазір балалар мен жасөспірімдерге шахмат ойнауды үйретіп жүрмін. Шахмат миды жаттықтырады деп сенімді айта аламын. 66 жыл ішінде осы күрделі спорттың қыр-сырын меңгердім. Сол себепті де, әр додада үздік болуға тырысамын, – деді зейнеткер.

Турнирді алғаш рет Қазақстан шахмат федерациясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бастамасымен ұйымдастырып отыр. Бұл спортқа басымдық берілуі кездейсоқ емес дейді облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын. Шахмат интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізетінін атап өтті.

– Турнир шахматты өскелең ұрпақ арасында насихаттауға бағытталған. Ұзақ уақыт бойы бұл спорт түрі ерекше дәріптеліп келді. Бүгінде шахмат ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал етеді. Қарағанды облысында ол 40 мыңға жуық баланы, жастар мен ересектерді

біріктірді. Біз барлығын осы тамаша ойынға қосылуға шақырамыз. Шахмат – логикалық ойлауды дамытады және өмірде жылдам, саналы түрде шешім қабылдауға көмектеседі. Сол себепті де, шахмат жоғары деңгейде дәріптелуі тиіс, – деді Ерлан Құсайын.

Қатысушылардың қатарында Алина Бейсекенова да бар. Ол 23 жаста. Шахмат ойнап жүргеніне 5 жылдан асып барады.

– Астанадан келдім. Турнир туралы хабарландырудан білдім және күшімді сынап көрейін деп шештім. Мен бұл ойынды өзім үйрендім. Кәсіби спортшылардан, жаттықтырушылардан тәлім алмасам да, қалалық жарыстарда бірнеше рет жеңіске жеттім. Шахмат – хоббиім. Ойын маған талдау жасауға көмектеседі. Соның арқасында мен өз уақытымды нақты жоспарлай аламын. Стратег болып ойланамын. Барлық ата-аналарға балаларға шахмат үйретуге кеңес беремін, – дейді Алина Бейсекенова.

Жартылай финалға қатысушылар Рапидтің 9 турынан өтеді. Мұнда «Центр» командасының сапына енуге лайық үздік 25 ойыншы іріктелмек. Тамыз айының соңында олар елордада өтетін Senat Open финалында кубок үшін күреседі. Сондай-ақ, жартылай финалда депутаттар, журналистер, қоғам қайраткерлері, әйелдер мен 60 жастан асқан қатысушылар арасында үздік ойыншылар анықталады.

• ФУТБОЛ

Шешуші ойында опық жеді

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы өз алаңында елордалық «Астана» клубын қабылдады. Бұл – Қазақстан Премьер-Лигасы кубогының топтық кезеңіндегі соңғы ойын еді. Осы матчта қос ұжым плей-оффа жолдаманы сарапқа салды. Өкінішке қарай, жерлестеріміз жауапты кездесуде қонақтарға 2:4 есебімен есе жіберді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойын әуелде «Шахтер» командасының басымдығымен басталған еді. Алаң ортасында кеншілер ұжымының жартылай қорғаушылары сәтті ойнап, нәтижелі шабуылды бастап берді. Алғашқы голды ойынның 6-шы минутында Евгений Козлов соқты. Бұл жолы алға қарсылас шықты. Шабуыл

кич берді. Евгений Козловтың тепкен добы қарсылас қақпашысының сол жақ тұсынан өтіп, алыс бұрыштықта тулады. «Астана» қарымта голды 13-ші минутта соқты. Авторы – Усман Камара. Ол қаптал арқылы орталыққа ойысып, алыстан соққы бағыттады. Доп рикашет арқылы «Шахтер» қақпасына түсті. Екінші гол пеньальтиден соғылды. Бұл жолы алға қарсылас шықты. Шабуыл



барысында қақпашының айып алаңында доп «Шахтер» ойыншысының қолына тиді. 11 метрлік айып соққысында 9-шы нөмірдегі Чарльз Ченедуудың жұлдызы жанды. Матчтың 36-шы минутында «Шахтер» клубының аңызына айналып үлгерген Роджер Каньяс айып соққысын сәтті орындап, есепті теңестірді.

Екінші таймда қонақтар шабуылды үдетті. Қарқынды ойын өз нәтижесін берді. 48-ші минутта Назми Грипшидің тепкен добын сәтті бағыттай алған Чарльз Ченеду есіпті 2:3-ке жеткізді. Осыдан кейін алаң иелері де қарап қалған жоқ. Бірнеше рет алыстан қауіпті

соққы жасалды. Өкінішке қарай, ешқандай нәтиже болмады.

78-ші минутта «Шахтердің» қорғаушысы өз алаңында өрескел қате жіберіп, қарсыластың жартылай қорғашысы Марин Томасовтың алдына допты салып берді. Марин Томасов қақпаға қарай жүйіткіп, оң жақта ашылған Чарльз Ченедуға хет-трик жасатты. Қорытынды есеп – 2:4.

Осы жеңіліс «Шахтер» футбол клубын плей-офтан айырды. Жерлестеріміз Қазақстан Премьер-Лигасы кубогына талас жолынан шықты.

Сурет «Шахтер» ФК ресми сайтынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VR00030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 81 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ